

В статье обсуждается теоретико-методологический аспект изучения и распространения сакральных мест на информационном уровне в глобализированной информационной среде. Проводится обзор сравнительного анализа философов и социологов современного и модернистского, постсоветского времени. Кроме религиозно-мистических утверждений и влияния сакрального мира на реальную и социальную среду, рассматривается связь сакральности с повседневными действиями через исторические этапы. Кроме того, были озвучены научные позиции и направления, передаваемые с точки зрения формирования и развития религиозного сознания, секулярного отношения к миру. В связи с тем, что в современном обществе феномен сакрального мира проявляется своеобразной особенностью в современном обществе. Показано, что культурная позиция социума сохранилась путем открытия феномена сакральности или юрты, трансформации образа жизни.

Ключевые слова: сакральность, феноменология, нуминозные, экстраординарные, святая, процедура, религиозный опыт, еуротопия, профанный.

The article discusses the theoretical and methodological aspect of the study and dissemination of sacred places at the information level in a globalized information environment. A review of the comparative analysis of philosophers and sociologists of modern and modernist, post-Soviet times is conducted. In addition to religious and mystical statements and the influence of the sacred world on the real and social environment, the connection of sacredness with everyday actions through historical stages is considered. In addition, they voiced scientific positions and directions transmitted in terms of the formation and development of religious consciousness and secular attitude to the world. Due to the fact that in modern society, the phenomenon of the sacred world manifests itself as a peculiar feature in modern society. It is shown that the cultural position of society has been preserved by the discovery of the phenomenon of sacredness or Yurt, the transformation of lifestyle.

Keywords: sacredness, phenomenology, numinous, extraordinary, Holy, procedure, religious experience, eurotopia, profane.

FTAMP 11.15.25

DOI xxxxxxxx

М. Д. Наурызбек, Ж. Ж. ДавлетбаеваҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару Академиясы,
Қазақстан Республикасы, Нұр-сұлтан қ.

AGENDA SETTING ТЕОРИЯСЫН МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕРДІҢ ЭТИКАСЫНА ҚОЛДАНУ: ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ КҮН ТӘРТІБІН КІМ АНЫҚТАЙДЫ?

Қазақстандағы мемлекеттік қызметшілер этикасы институтының өсіп келе жатқан мәні аясында, мүдделердің ықтимал қақтығыстарын болдырмау мақсатында, осы мақалада мына мәселе зерттеледі: Қазақстандағы этика мәселелері бойынша күн тәртібін айқындайтын негізгі субъектілер қандай?

Айта кету керек, Agenda Setting теориясы проблемаларды шешуде ерекше маңызды рөл атқарады, өйткені күн тәртібін қалыптастырудың дәл осы кезеңінде шешуді қажет ететін негізгі проблема қалыптасады және одан әрі белгіленеді. Өзекті мәселені анықтағаннан кейін ғана оны шешудің әртүрлі тәсілдері талданады. Дәл сол себебі бұл мақалада мемлекеттік қызметшілердің этикасы мәселелері бойынша күн тәртібін қалыптастыру мәселесі қарастырылады. Осы мақалада зерттеу әдістері ретінде Үкімет, бұқаралық ақпарат құралдары және қоғам атты үш субъектінің рөлін талдау, сондай-ақ кейс-стади әдісі қолданылады.

Осы мақаланың тұжырымдары ретінде мақаладағы екі кейсін талдау негізінде мемлекеттік қызметтегі этика мәселелері бойынша күн тәртібін қалыптастыратын субъектілер анықталады.

Кілтті сөздер: мемлекеттік басқару, мемлекеттік қызмет, мемлекеттік қызметшілердің этикасы, Agenda Setting, кейс-стади.

КІРІСПЕ

Демократиялық режимде моральдық аспект ерекше мәнге ие, өйткені ол мүдделер қақтығысы мен сыбайлас жемқорлық бұзушылықтарын

болдырмаудың негізгі факторы болып табылады. Бір кәсібилік жеткіліксіз, мемлекеттік қызметшінің қоғам алдындағы моральдық борыш пен жауапкершілік сезімі болуы өте маңызды.

Зерттеудің нысаны: Мемлекеттік қызметшілердің этикалық құндылықтары.

Зерттеудің пәні: Қазіргі кездегі мемлекеттік қызметшілердің этикасы мәселелерін қозғайтын субъектілер.

Мақсаты: Осы мақаладағы басты зерттеу мәселесі келесідей сұраққа жауап беруді мақсат етеді: Қазақстандағы мемлекеттік қызметтегі этикалық құндылықтар мәселелері бойынша күн тәртібін кім анықтайды?

Міндеттері:

– қазіргі кездегі мемлекеттік қызметшілердің тарапынан жасаланатын этикалық құқық бұзышылықтар кейстерін талдау;

– талданған кейстер негізінде қазіргі уақыттағы мемлекеттік қызметшілердің этикасы мәселелерін қозғайтын субъектілерді анықтау.

Зерттеудің материалдары мен әдістері

Осы тақырыпты талқылауға кіріспес бұрын, Agenda Setting – күн тәртібін белгілеу теориясын зерттеу бойынша алдыңғы әдебиеттерді атап өту керек.

Ф. Фишер, Дж. Миллер & М. Сиднейдің айтуынша, күн тәртібі-бұл қоғам өкілдері мен олардың лауазымды тұлғаларының назарына түсетін қоғамдық проблемалардың себептері, нышандары, шешімдері және басқа да элементтері туралы көріністер мен өзекті мәселелердің жиынтығы [1, 63 п.].

Өз кезегінде Р. Кобб және Ч. Элдер күн тәртібін қалыптастыру кезеңінде екі типті ажыратады: институционалды күн тәртібі және жүйелік күн тәртібі. Жүйелік күн тәртібі – бұл көпшілікті толғандыратын мәселелер жиынтығы, ал институционалды күн тәртібі мемлекет назарын аударған мәселелерді қамтиды [2, 101 б.].

Р. Кобб, Дж. Росс пен М. Росс атап өткендей, белгілі бір уақытта жүйелік күн тәртібі институционалды күн тәртібіне айналуы мүмкін және бұл үшін үш түрлі жол бар. «Сыртқы бастаманың» бірінші моделі (Outside Initiative Model) өзекті мәселелер үкіметтік емес топтарда туындап, содан кейін, біріншіден, қоғамдық (жүйелік) күн тәртібін қамтып, содан кейін, ресми (институционалды) күн тәртібін қамту үшін кеңейеді. Екінші «Мобилизация моделі» (Mobilization Model) жұртшылықтың қандай да бір қарауын немесе назарын талап етпейді, күн тәртібін қалыптастыру процесі толығымен Үкіметтің қолында. «Ішкі бастама» моделі (Inside Initiation Model) деп аталатын үшінші модель қызығушылық топтарының мықты күшін білдіреді [2, 101 б.].

Зерттеуде Үкімет, бұқаралық ақпарат құралдары және қоғам деген үш субъектінің рөлдерін талдау әдісі қолданылады. Сонымен қатар, бұл зерттеуде кейс-стади әдісі, атап айтқанда екі мемлекеттік қызметшінің мінез-құлқын талдау қолданылады.

Д. Кресвелл сапалы зерттеудің бес тактикасын атап көрсетеді: нарративті зерттеу, феноменологиялық зерттеу, негізделген теория, этнография және кейс-стади [3].

Осы мақалада әдіснамалық тандаудың өзектілігі екіталай. Біріншіден, кейс-стади өзекті мәселені талдап, оның нақты өмірлік контекстінде шешім табуға мүмкіндік береді.

Екіншіден, кейс-стади әдісі зерттеушілерге индивидуумың өмірлік циклдері, шағын топтардағы мінез-құлық, ұйымдастырушылық және басқару процестері, көршілестіктің өзгеруі, мектептегі үлгерім, халықаралық қатынастар және салалардың жетілуі сияқты нақты оқиғалардың тұтас және маңызды сипаттамаларын сақтауға мүмкіндік береді [4]. Осы мақалада этикалық аспект негізінде кейс-стадидің нақты субъектілерін анықтау үшін мақсатты іріктеу (purposeful sampling) қолданылады. Тақырыптық зерттеулер үшін субъектілер мен объектілерді таңдау керек, өйткені олар қызықтыратын құбылыстың пайдалы көріністерін ұсынады [5]. Сонымен бірге, жеке деректердің құпиялылығын қамтамасыз ету мақсатында осы мақалада субъектілердің тектері мен аты-жөндері туралы шынайы мәліметтер ашылмайды.

Зерттеудің нәтижелері

Тәуелсіздік алған сәттен бастап Қазақстан мемлекеттік қызметшілердің адалдық пен адамгершілік қасиеттеріне ерекше көңіл бөле бастады. Этика институтының құрылу тарихы 1998 жылдан басталады, ол кезде «Мемлекеттік қызмет туралы» және «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңдар қабылданды.

Одан әрі, сол жылы Мемлекеттік қызмет саласындағы уәкілетті орган құрылды және мемлекеттік қызметшілердің кәсіби этикасының алғашқы ережелері қабылданды. 2005 жылы Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызметшілерінің ар-намыс Кодексі бекітілді.

2015 жылы «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» және «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының жаңа заңдары, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексі қабылданды (бұдан әрі – Әдеп кодексі).

Әдеп кодексі мемлекеттік қызметшілердің мінез-құлық стандарттарын кеңейтті және қазір 5 бөлімнен тұрады – жалпы ережелер; мінез-құлықтың

жалпы стандарттары; қызметтен тыс уақыттағы мінез-құлық стандарттары; қызметтік қатынастардағы мінез-құлық стандарттары; көпшілік алдында, оның ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында сөйлеумен байланысты мінез-құлық стандарттары [6]. Сонымен қатар, бұзушылықтарды алдын алуға бағытталған екі жаңа институт құрылды: 1) Әдеп жөніндегі Уәкіл институты барлық орталық және жергілікті мемлекеттік органдарда құрылды (құқық қорғау және арнайы органдарды қоспағанда) [6]; 2) әр аймақтық деңгейде Әдеп жөніндегі кеңестер.

Алайда, соңғы 5 жыл ішінде мемлекеттік шенеуніктердің қатысуымен болған көптеген жанжалдарға қатысты өткір қоғамдық резонанстар туындап жатады, олар кейіннен бүкіл мемлекеттік секторды беделін түсіреді. Бұл жағдай халықтың интернетті белсенді пайдалануының өсуімен қалыптасты.

Осылайша, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің деректері бойынша Қазақстанда 2018 жылы 6-дан 74 жасқа дейінгі Интернет-пайдаланушылардың үлесі 81,3 %-ды құрады. Салыстыру үшін, 2011 жылы бұл көрсеткіш небәрі 51,3 %-ды ғана құрады. Ересек тұрғындар арасында Интернетті пайдаланушылардың ең көп саны Нұр-Сұлтан қ. (90,1 %), Алматы (88,2 %) және Қостанай (88 %) облыстарында тіркелген. Интернетті пайдаланатын балалар саны бойынша Қазақстанның үздік үштігіне Нұр-сұлтан қ. (78,6 %), Түркістан (83,7 %), Жамбыл және Павлодар облыстары (77,4 %-дан) кірді [7].

Бұдан басқа, Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің есебіне сәйкес барлығы 159 интернет-БАҚ және 185 онлайн-ақпараттық агенттік тіркелінген. Сауалнама нәтижелері бойынша, респонденттердің 48,4 %-ы үшін Интернет, басқа бұқаралық ақпарат құралдарымен салыстырғанда, ақпараттың неғұрлым қолайлы көзі болып табылады. Бұдан басқа, Brand Analytics компаниясының бағалауы бойынша, Instagram, Facebook, Twitter сияқты әлеуметтік желілердің 3 млн 230 мың 922 белсенді пайдаланушысы бар. Қазақстандықтардың тек 10,6 %-ы әлеуметтік желілердің ешқайсысында тіркелмеген [8].

Жоғарыда айтылғандардан көрініп тұрғандай, барлық халық Интернетті ақпарат көзі ретінде пайдаланады және қазақстандықтардың 89,4%-ы әлеуметтік желілерде тіркелген. Өз кезегінде, бұл кез-келген жаңалықтар жарық жылдамдығымен таралуы және барлығына қол жетімділігін қамтамасыз етеді. Енді бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілердің қоғамдық пікірге қалай әсер ететінін және Үкіметпен қабылданған өзгерістерге кім – БАҚ немесе қоғам түрткі болатынын толығырақ қарастырайық.

№ 1 кейс. 2019 жылы жоғары дәрежелі мемлекеттік қызметші Б. шетелге қызметтік іссапарға кетіп, әлеуметтік желілерде сәнді ғимараттардың фондында қысқа видео-бейне түсірді. Іс жүзінде, мемлекеттік қызметші алкогольдік немесе есірткілік масаң күйде болған жоқ, бұзықтық жерлерінде жүрмеді және қоғамдық тәртіпті бұзбады. Алайда, шетелдік елдің өркендеген жағдайы, сондай-ақ фондындағы сәнді ғимараттар көптеген отандастардың ашуын тудырды. Сонымен қатар, бұл видео-бейне мемлекеттік қызметшінің жеке аккаунты шеңберінен шығып, барлық әлеуметтік желілер мен жаңалықтар порталдарына таралды.

БАҚ, әлеуметтік желілер, блогтар және веб-ресурстарына мониторинг және талдау жүргізу iMAS жүйесінің деректеріне сәйкес, шенеуніктің шетелде болуы туралы жаңалықтардың жалпы саны, мемлекеттік қызметшінің жұмыстан босатылған уақытына дейінгі мерзім ішінде (23.07.2019 ж. – 31.07.2019 ж.), 567 құрайды. Ақпарат көздерінің түрлері бойынша БАҚ–тартағы жаңалықтар үлестірімі 29,45 %-ды, әлеуметтік желілерде – 70,55 %-ды құрайтынын атап өткен жөн. БАҚ арасында аталған хабардың таралу өлшемі ақпараттық агенттіктерде 52,69 %-ды, сондай-ақ электрондық БАҚ–тарда 35,93 %-ды құрайды. Бұдан басқа, әлеуметтік желілер арасында аталған хабар ең кеңінен Facebook (52,75 %), Вконтакте (22 %) және Instagram-да (13 %) таралған. Қалған бөлігі Telegram (5,75 %), Twitter (3 %), YouTube (2,75 %), Одноклассники (0,75 %) әлеуметтік желілерде бөлініп орналасқан. Егер аймақ бойынша белсенділік деңгейін қарастыратын болсақ, онда ең белсенді республикалық көздер (54,53 %) болып табылады, бұдан кейін белсенділікті Алматы қ. (18,05 %) және Нұр-Сұлтан қ. (7,43 %) көздері танытты [9].

Осылайша, бұл жағдайда қоғамның пікіріне 70,55 % тарату үлесі бар әлеуметтік желілер айқын әсер етті. Жоғарыда аталған ақпараттық ағындарды талдау кезінде мыналарды атап өткен жөн. Тіпті бейтарап сипаттағы жаңалықтар мен посттарда мемлекеттік қызметшінің шетелде екендігі немесе шетелден сәлемдемелер бергені туралы арандатушылық тақырыптар болған сияқты. Сонымен бірге, БАҚ–тардағы және әлеуметтік желілердегі әрбір жаңалықтың астында теріс мінезге ие комментарийлерде жүздеген азаматтар өздерінің наразылықтарын білдірді. Ақыр соңында, бұл мәселені өз реакциясымен көпшілік көтерді.

Айта кету керек, осы жанжалдан кейін жоғарыда аталған мемлекеттік қызметші өз қызметінен босатылды. Алайда, мемлекеттік қызметкер жұмыстан шығарылғаннан кейін де әлеуметтік желілер мен БАҚ–тар басылмай, бұл оқиғаны жұмыстан босату туралы жаңалықтар контекстінде талқылауды жалғастырды. 01.08.2019 ж. – 02.09.2019 ж. кезеңінде жоғарыда

аталған оқиға туралы хабарламалар саны – 179, БАҚ-тардағы үлесі – 39,66 %, ал әлеуметтік желілерде 60,34 %-ды құрайды. Facebook (47,22 %), ВКонтакте (22,22 %) және Instagram (13, 89 %) әлеуметтік желілер қайта ең белсенді болып шықты [9].

Оқиға болған күннен бастап бір айдан астам уақыт өткен соң, 2019 жылдың қыркүйегінде Қазақстан Республикасының Президенті Қ. Тоқаев өзінің Қазақстан халқына алғашқы Жолдауында «Еститін мемлекет» тұжырымдамасын жариялады, оның басты қағидаты мемлекеттік билік пен халық арасында сындарлы диалог пен коммуникацияны құру болып табылады [10].

Жоғарыда аталған оқиғада мемлекеттік қызметшінің мінез-құлқының этикалық аспектісі айқын көрінеді. Халықтың қажеттіліктеріне құлақ асу және жауап беру – адалдық пен адамгершілікті білдіретін мемлекеттік қызметшінің міндеті. Осылайша, қызметтен босату - бұл мемлекеттік биліктің қоғамның реакциясына жауап беруі және этика бүгінде мемлекеттік қызметшінің ажырамас қасиеті екенін тану болып табылады. Жоғарыда аталған «Еститін мемлекет» тұжырымдамасы, біздің ойымызша, «есту» біліктілігінің маңыздылығын сезіне отырып, мемлекеттік қызметшілердің адалдық қасиетін дамыту қажеттілігін білдіреді.

№ 2 кейс. 2019 жылы жоғары дәрежелі мемлекеттік қызметші К. диссертациясында табылған плагиат үшін БАҚ-тар пен әлеуметтік желілердің назарын аударды. Алайда, бұрын ғылыми кадрларды даярлау басқа жүйе және басқа ережелер бойынша жүзеге асырылатыны сияқты фактор атап өтілді. Сонымен қатар, плагиат жоқтығының дәлелі ретінде мемлекеттік қызметшімен Ұлттық мемлекеттік ғылыми техникалық сараптама орталығының анықтамасы ұсынылды. Бұған қарамастан, бұл жаңалық сол кездегі ең көп талқыланған және жұртшылықты аталған оқиға ашуландырды.

Жоғарыда көрсетілген БАҚ, әлеуметтік желілер, блогтар және веб-ресурстарына мониторинг және талдау жүргізу iMAS жүйесінің деректеріне сәйкес, осы факті туралы хабарламалардың жалпы саны мемлекеттік қызметшінің отставкаға кетуіне дейінгі екі айлық мерзім ішінде (01.09.2019 ж. – 13.11.2019 ж.) 529 құрайды. Ақпарат көздерінің түрлері бойынша БАҚ–тардағы жаңалықтар үлестірімі 60,3 %-ды, әлеуметтік желілерде – 39,7 %-ды құрайтынын атап өткен жөн. БАҚ арасында аталған хабардың таралу өлшемі ақпараттық агенттіктерде 42,64 %-ды, сондай-ақ электрондық БАҚ-тарда 36,99 %-ды құрайды. Бұдан басқа, әлеуметтік желілер арасында аталған хабар ең кеңінен Facebook (55,25 %), ВКонтакте (20,95 %) және Instagram-да (11,9 %) таралған. Бұдан басқа, өңірлердегі белсенділік деңгейі бойынша

Алматы қ. (42,53 %), республикалық деңгейдегі (34,59 %) және Нұр-сұлтан қ. (11, 34 %) көздері ерекшеленді [9].

Жоғарыда айтылғандардан көрініп тұрғандай, бұл оқиғаны таратуда БАҚ-тар (60,3 %), содан кейін әлеуметтік желілер (39,7 %) белсенді рөл атқарды. Жоғарыда аталған жанжалдан кейін мемлекеттік қызметші берілген өтінішіне сәйкес қызметінен босатылды.

Өз кезегінде, 2019 жылдың желтоқсанында Қазақстанның Білім және ғылым министрі А. Аймағамбетов барлық курстық жұмыстар, сондай-ақ дипломдық, магистрлік және ғылыми жұмыстар плагиатқа жаңа Turnitin жүйесі арқылы тексерілетіні туралы хабарлады [11].

Осылайша, жоғарыда аталған мемлекеттік қызметшінің отставкаға кетіп, одан әрі қызметінен босату, сондай-ақ плагиатқа қарсы жаңа жүйені енгізу мемлекеттік қызметте этикалық құндылықтарды ілгерілету үшін шаралар қабылдау жағына тағы бір қадамды білдіреді. Бүгінгі студенттер ертеңгі мемлекет қайраткерлері болғандықтан, сондықтан адалдық қасиетін мектеп қабырғасынан бойға сіңдіру керектігін мемлекеттік билік қайта қолдады.

Қорытынды

Осы мақаладағы талдау нәтижелерін қорытындылай келе, Agenda Setting күн тәртібін белгілеу теориясы проблемаларды шешудегі маңызды факторлардың бірі екенін атап өтеміз, өйткені біріншіден, ол белгілі бір мәселенің өзектілігін анықтайды, екіншіден, проблемаларға байыпты қарап, теңгерімді шешім қабылдауға мүмкіндік береді. Осы жұмыстағы талдау мемлекеттік қызметшілердің этикасы мәселесі мүдделер қайшылығы мен сыбайлас жемқорлық бұзушылықтарының алдын алу шарасы ретінде жоғары өзектілікпен сипатталатынын көрсетті.

Осылайша, тәуелсіздіктің қалыптасуының бірінші кезеңінде тіпті 2012–2015 жылдарға дейін этикалық құндылықтарды қалыптастыру жөніндегі жұмыстың үлкен үлесін Үкімет өз бастамасы бойынша жүзеге асырды. Осыған байланысты, осы кезеңде күн тәртібін қалыптастыру кезеңін Мобилизация моделі (Mobilization Model) ретінде анықтауға болады.

Алайда, қазіргі уақытта, талдаудан көріп отырғанымыздай, бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілердің рөлі барған сайын маңызды бола түсуде. Бүгінгі таңда жұртшылық әлеуметтік желілерді бұқаралық ақпарат құралы ретінде қабылдайды, ал жаңалықтар порталдардың тіпті өздері блогерлер мен қоғам қайраткерлерінің посттарынан талай рет ақпарат алады. Жалпы, бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілер мемлекеттік саясатта бүгінгі күні маңызды рөл атқарады, өйткені олар ойлау және талқылау үшін өзекті мәселелер көтеріп, бүкіл елдің дамуына әсер

ететін жасырын проблемаларды шұқылап шығарады. Алайда, бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілердегі хабарламаларға жауап пен реакцияны қоғамның өзі тікелей білдіреді.

Осылайша, қазіргі уақытта мемлекеттік қызметшілердің этикасы мәселелері бойынша күн тәртібін қалыптастыру процесінде, бірінші кезекте, БАҚ/әлеуметтік желілер және одан кейін жұртшылық басым рөл атқарады.

Пайдаланған деректер тізімі

1 **Fischer, F., Miller, G., & Sidney, M. S.** Handbook of public policy analysis: theory, politics, and methods, 125. [Text] – Inc NetLibrary. 2007.

2 Цит. по: Howlett M. et al. Studying public policy: Policy cycles and policy subsystems. [Text] – Oxford : Oxford University Press, 2009. – Т. 3.

3 **Creswell, J. W., Poth, C. N.** Qualitative inquiry and research design: Choosing among five approaches. – Sage publications, 2016. [Electronic resource]. – <http://www.ceil-conicet.gov.ar/wp-content/uploads/2018/04/CRESWELLQualitative-Inquiry-and-Research-Design-Creswell.pdf>.

4 **Yin, R. K.** Case study research and applications: Design and methods. – Sage publications, 2017. [Electronic resource]. – http://cemusstudent.se/wp-content/uploads/2012/02/YIN_K_ROBERT-1.pdf.

5 **Creswell, J. W.** Education research: Planning, conducting, and evaluating quantitative and qualitative research (3rd eds.). – 2008. [Electronic resource]. – <http://basu.nahad.ir/uploads/creswell.pdf>.

6 О мерах по дальнейшему совершенствованию этических норм и правил поведения государственных служащих Республики Казахстан. Указ Президента Республики Казахстан от 29 декабря 2015 года № 153. [Электронный ресурс]. – <http://adilet.zan.kz/rus/docs/U1500000153>.

7 Цит. по: Шаукенова З. Интернет, где таится опасность. – 25 мая 2019 года. [Электронный ресурс]. – <https://liter.kz/2162-internet-gde-taitsya-opasnost/>.

8 Цит. по: Никитин В. Самые популярные социальные сети в Казахстане. – 26 августа 2019 года [Электронный ресурс]. – <https://www.kp.kz/online/news/3585076/>.

9 Система мониторинга и анализа информационных потоков iMAS. – 2020 [Электронный ресурс]. – <https://imas.kz/>.

10 **Токаев, К. К.** Послание Главы государства Касым-Жомарта Токаева народу Казахстана // Конструктивный общественный диалог – основа стабильности и процветания Казахстана. – 2019 [Электронный ресурс].

- https://www.akorda.kz/ru/addresses/addresses_of_president/poslanie-glavy-gosudarstva-kasym-zhomarta-tokaeva-narodu-kazahstana.

11 ru.sputniknews.kz. В Казахстане научные работы будут проверять на плагиат через единую систему. Sputnik Казахстан. – 2020 [Электронный ресурс]. – <https://ru.sputniknews.kz/education/20191205/12208303/nauchnye-raboty-provka-plagiat-sistema.html>.

References

1 **Fischer, F., Miller, G., & Sidney, M. S.** Handbook of public policy analysis: theory, politics, and methods, 125. [Text] – Inc NetLibrary. 2007.

2 Tsit. po: Howlett M. et al. Studying public policy: Policy cycles and policy subsystems. [Text] – Oxford : Oxford University Press, 2009. – Т. 3.

3 **Creswell, J. W., Poth, C. N.** Qualitative inquiry and research design: Choosing among five approaches. – Sage publications, 2016. [Electronic resource]. – <http://www.ceil-conicet.gov.ar/wp-content/uploads/2018/04/CRESWELLQualitative-Inquiry-and-Research-Design-Creswell.pdf>.

4 **Yin, R. K.** Case study research and applications: Design and methods. – Sage publications, 2017. [Electronic resource]. – http://cemusstudent.se/wp-content/uploads/2012/02/YIN_K_ROBERT-1.pdf.

5 **Creswell, J. W.** Education research: Planning, conducting, and evaluating quantitative and qualitative research (3rd eds.). – 2008. [Electronic resource]. – <http://basu.nahad.ir/uploads/creswell.pdf>.

6 О мерах по дальнейшему совершенствованию этических норм и правил поведения государственных служащих Республики Казахстан. Указ Президента Республики Казахстан от 29 декабря 2015 года № 153 [On measures to further improve the ethical standards and rules of conduct of civil servants of the Republic of Kazakhstan. Decree of the President of the Republic of Kazakhstan dated December 29, 2015 No. 153] [Electronic resource]. – <http://adilet.zan.kz/rus/docs/U1500000153>.

7 Cit. po: Shaukenova Z. Internet, gde taitsya opasnost`. – 25 maya 2019 goda [Quoted by Shaukenova Z. The Internet, where danger lurks. – May 25, 2019] [Electronic resource]. – <https://liter.kz/2162-internet-gde-taitsya-opasnost/>.

8 Cit. po: Nikitin V. Samy`e populyarny`e social`ny`e seti v Kazaxstane. – 26 avgusta 2019 goda [Quoted by Nikitin V. the Most popular social networks in Kazakhstan. – August 26, 2019] [Electronic resource]. – <https://www.kp.kz/online/news/3585076/>.

9 Sistema monitoringa i analiza informacionny`x potokov iMAS. – 2020 [iMAS System for Monitoring and Analyzing Information Flows] [Electronic resource]. – <https://imas.kz/>.

10 Tokaev, K. K. Poslanie Glavy` gosudarstva Kasym`m-Zhomarta Tokaeva narodu Kazaxstana // Konstruktivny`j obshhestvenny`j dialog – osnova stabil`nosti i procvetaniya Kazaxstana. – 2019 [Tokayev K. K. Address of the Head of State Kassym-Jomart Tokayev to the people of Kazakhstan // Constructive public dialogue – the basis for stability and prosperity of Kazakhstan. – 2019] [Electronic resource]. – https://www.akorda.kz/ru/addresses/addresses_of_president/poslanie-glavy-gosudarstva-kasym-zhomarta-tokaeva-narodu-kazahstana.

11 ru.sputniknews.kz. V Kazaxstane nauchny`e raboty` budut proveryat` na plagiat cherez edinuyu sistemu. Sputnik Kazaxstan. – 2020 [In Kazakhstan, scientific papers will be checked for plagiarism through a single system. – 2020] [Electronic resource]. – <https://ru.sputniknews.kz/education/20191205/12208303/nauchnye-raboty-provka-plagiat-sistema.html>.

Материал 30.09.20 баспаға түсті.

М. Д. Наурызбек, Ж. Ж. Давлетбаева

Применение теории Agenda-Setting к этике государственных служащих: кто определяет повестку дня в Казахстане?

Академия государственного управления при Президенте РК,
Республика Казахстан, г. Нур-Султан7
Материал поступил в редакцию 30.09.20.

М. D. Nauryzbek, Zh. Zh. Davletbaeva

Applying the Agenda-Setting theory to the ethics of civil servants: who sets the agenda in Kazakhstan?

Academy of Public Administration
under the President of the Republic of Kazakhstan,
Republic of Kazakhstan, Nur-Sultan.
Material received on 30.09.20.

В свете растущего значения института этики государственных служащих в Казахстане, с целью предупредить возможные конфликты интересов, в настоящей статье исследуется следующий вопрос: каковы основные действующие субъекты, которые фактически определяют повестку дня по вопросам этики в Казахстане?

Следует отметить, что теория Agenda Setting играет особо важную роль в решении проблем, поскольку именно на этой стадии формирования повестки дня формируется и далее обозначается главная проблема, которая требует решения. Только после определения проблематики анализируются различные подходы к решению поставленных задач. Именно поэтому в данной статье исследуется вопрос о формировании повестки дня по вопросам этики государственных служащих.

В качестве методов исследования применяется анализ ролей трех субъектов: Правительства, средств массовой информации и общественности, а также метод кейс-стади.

В результате настоящей статьи, на основании анализа двух кейсов статьи, определяются субъекты, формирующие повестку дня по вопросам этики на государственной службе.

Ключевые слова: государственное управление, государственная служба, этика государственных служащих, Agenda Setting, кейс-стади.

In light of the growing importance of the Institute of Ethics of the civil servants in Kazakhstan, in order to prevent the possible conflicts of interest, this article examines the following question: what are the main actors that actually determine the ethics agenda in Kazakhstan?

It should be noted that the theory of Agenda Setting plays a particularly important role in solving problems, since at this stage of the formation of the agenda the main problem that needs to be solved is formed and then designated. Only after defining the issues are the various approaches to solving the set tasks analyzed. That is why this article explores the issue of forming an agenda on the ethics of civil servants. The research methods are based on the analysis of the roles of three actors: the Government, the media, and the public, also this article uses method of case study.

As the conclusions of this article, based on the analysis of two cases of the article, the subjects forming the agenda on ethics in the public service are identified.

Keywords: public administration, civil service, civil servants' ethics, agenda setting theory, case study.